


Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
«Техникалық шығармашылық орталығы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны



*«Көркем киіз» үйірме жетекшісі:
Беласарова Ғазиза Қырғызбекқызы
Төле би 2016 ж*

Тақырыбы:
Қол сөмкесін және қол
телефонына арналған
қапшықты
әшекейлеу жұмыстары.

Сабақтың мақсаты: Жүннен киіз басудың жаңа технологиясымен пайдалы заттар жасауды үйрету.

Білімділік: Алған білімдерін практикамен байланыстырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдарын жасай білуге, біткен іске талдау жасау жолын түсіндіру.

Дамытушылық: Бұйымды әшекейлеу жолдарын үйрете отырып, ойлау, іздену, өнерге қызығушылық қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Өз ойларын еркін айта білуге, шеберлік пен әсемдікке баулы отырып, халқымыздың ата дәстүрін қастерлеп, жалғастыра білуге тәрбиелеу.

- Сабақтың түрі:** Аралас сабақ
- Сабақтың әдістері:** Түсіндірмелі-репродуктивті, сұрақ-жауап, практикалық жұмыс, тірек сызбалары.
- Пән аралық байланыс:** Тарих, бейнелеу өнері, медицина.
- Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, дайын бұйымдар, Жүн бұйымдарының жасалу жолдары көрсетілген слайдтар.
- Сабаққа қажетті құралдар:** Түрлі-түсті боялған жүндер, ине, ұсақ моншақтар, тоқыма жіптер, мата.

Сабақтың барысы


I. Ұйымдастыру кезеңі.

- а. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- ә. Құрал-жабдықтарының түгелдігін қадағалау.

II.Өткен сабаққа шолу.


Жүн неден алынады?


(Ешкі, қой, түйе, жылқыдан)



Қой, ешкі, түйе, жылқыдан алынатын жүн түрлерін атаңдар.

*(Қойдан- жабағы, күзем, қозы, өлі, шет-пұшпақ;
Ешкіден- түбіт, қыл; Түйеден- шудасы, жабағы;
Жылқыдан- қыл;) (слайд)*





Киіз неден жасалады?

(Жүннен)

Сабынды ыстық су не үшін қажет?

(жүнді біріктіру үшін)

Жүнді қалай өңдейміз?

(талшықтарды сапасы бойынша іріктейді,қоқымдарынан тазартады,жуады, кептіреді,түгеді, тарайды)

- (талшықтарды сапасы бойынша іріктейді,қоқымдарынан тазартады,жуады, кептіреді,түгеді, тарайды)

Жүннің негізгі қасиеттерін ата.

*(жылуды жақсы сақтауы, жұмсақ ,жеңіл,
талшықтары иілгіш, созылғыш, жақсы боялады,
әдемі, ылғалды жақсы өткізеді)*



III. Жаңа сабақ.

Халқымыздың күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан дәстүрлі өнерінің бірі киіз басу. Ол, қазір дүниежүзі бойынша жаңа бағытта дамып келе жатқан өнер.

Қазақ халқында әйелдер кесте тігу, киіз басу, ши тоқу, тоқыма тоқу, киім тігу сияқты жұмыстарымен айналысты. Киіз үй ішіндегі жиһаздардың әсемдігіне көңіл бөлген. Текемет басу, сырмақ сыру, түскиіздер жасаудың өзіндік ерекшеліктері, жасалу технологиясы болған. Жалпы, киіз басу ежелден келе жатқан дәстүр, бұл өнердің біздің заманымызға дейінгі ғасырларда қазақ даласында кеңінен таралып кеткені мәлім.


Бүгінгі күні пима киіп, үйіне текемет төсейтін қазақтар жоқ болғанымен, киізден жасалған бұйымдарға сұраныс бар. Киіз басу қазақтың төл өнері. Сондықтанда оны қолданыстан шығып қалды деуге болмас. Керісінше, заман өзгеріп, қолданыстың жаңа формасына енді. Яғни, қолдану аясы ғана өзгерген. Киіз басу дәстүрі бізде үш бағыт бойынша дамып келе жатыр деп айтуға болады. Біріншіден, әжелеріміздің киіз басу технологиясын меңгере отырып, ежелгі киіз үлгілерін жаңғырту. Екінші бағыт сурет салу бағыты. Үшіншіден, киізден түрлі кәдесыйлар, ойыншықтар, сөмкелер, әшекей бұйымдарын жасауға болады. Оның өзіндік технологиясы бар. Бұл- үшінші бағыт.

Ал, біз бүгінгі сабағымызда жүннен кәдесыйлар, ойыншықтар, сөмкелер, әшекей бұйымдарын жасау бағыты бойынша жүннен қол сөмкелері және қол телефонына арналған қапшықтарды ылғалдап басу әдісімен орындап шықтық та, енді оны әшекейлеу жұмыстарымен айналысудамыз.

Ежелгі киіз үлгілерін жаңғырту.



Жүннен салынған суреттер.



Жүннен ойыншық, әшекей бұйымдары.



*Жүннен салған гулдер және аяқ – қиім
үлгісіндегі (бәбіш)*



*Жүннен жасалған ойыншық түрлері
және қол сөмкесі.*



*Практикалық жұмысымыздың
алдында бұйымды әшекейлеу
жұмысына дейінгі орындаған
еңбектерімізге тоқталып өтейік.*


Киіз басу кезінде жүнді қабаттап салу тәсілі көрсетілген.




Бұйымның негізін сулы әдіспен өндеу кезеңдері.



- *Жүн жақсы біріккеннен кейін,*
- *киіздің өзін дөңгелетіп иледік.*




**Қол сөмкеміз дайын болғаннан кейін,
жылы сумен жуып, кептірдік.**



***Алдын- ала дайындалған эскиз
бойынша бұйымды әшекейлеу
сәттері.***



Бұйымды әшекейлеу



ІҮ. Практикалық сабақ.

Практикалық сабақты бастамас бұрын техника қауіпсіздік ережесін еске түсірейік.

Жүнмен жұмыс жасайтын инелердің ұшы үшкір. Жұмыс кезінде ертеме, кешпе қолдарыңа инені қадап аласыңдар. Сол себепті, өздеріңді сақтандыру үшін арнайы поролон губкасы қажет. Разенке оймақ болғаны жөн. Міне осылар, қолымызға инені кіргізіп алмау үшін, жұмысты үстелдің үстінде орындайтын болғандықтан, үстелдің үсті сызылып қалмауына көмектеседі.

Қауіпсіздік еңбек тәртібі, гигиеналық талаптар, жеке бас тазалығы бойынша нұсқаулар.

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыра білу.

Шикізатты өңдеу барысында өте сақ болу.

Өткір нәрселерден (ине, қайшы, т.б.) сақтану.

Арнайы жұмыс киімдерін кию.

Ыстық суды, өткір тісті нәрселерді ұқыпты қолдану.

Құрал-жабдықтарды өз орнында ұстау.

Қол сөмкесіне және қол телефонына арналған қапшықты өздері ойластырған

эскидері бойынша әшекейлеу жұмыстарын жалғастыру.

Жұмыс кезінде оқушыларды аралап, жұмыстарын дұрыс орындауларын қадағалау.

“Көркем киіз” үйірмесіндегі ашық сабақ



Жұмыс кезі.



Жұмыс кезі.



Шағын көрме



Ү. Сабақты қорытындылау.

Жұмыс соңында жасаған бұйымдарынан шағын көрме ұйымдастырылып, оқушылар жасаған бұйымдары туралы өз пікірлерін білдіреді.

•Қай жұмыс ұнады?

•Не себепті бұл жұмыс ұнады?

Оқушылардың еңбектері туралы өз ойымды айтамын. Жақсы деген жұмыстарды атап кетемін.

Міне балалар, бүгін біз сендермен ұлттық көне өнеріміз жүннен киіз басудың жаңа техникасын игердік. Қандай да бір өнерде шеберлікке жету үшін төзімділік, ұқыптылық, үнемшілдік, эстетикалық талғам қажет. Сондықтан да әжелеріміздің дәстүрін жалғастыратын ұрпақ сіздер, ұлттық қолөнерімізді қадірлей біліңдер дегім келеді.

*Назар
аударғандарыңызға
рахмет.*